

# БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

**Жастардың білімін жетілдірудің негізгі формасы – үйірме. Егер үйірменің жұмысы қоғамдық пайдалы тапсырмаларды орындаумен, қоршап тұрған өмірмен, шығармашылықпен байланысса, нәтижелі болады. Ойдағыдай жұмыс істеу үшін әрбір жеке үйірмені білім деңгейі, іскерліктері, дағдылары жастардың негізгі білім бағыттарымен сәйкес болғаны абзал.**

Біз оқу ордасында жұмыс істейтін театр үйірмесінің бағыты жайында тереңірек әңгіме қозғасақ дейміз. Театр – адамның рухани демалып, өзге әлемге шағын саяхат жасауына ықпал ететін мәдени орын. Бүгінде театрда бал көйлегімен жүрген бикештер мен смокинг киген ерлерді сирек байқауға болады. Станиславскийдің: «Театр киім ілгіштен басталады» деген сөзін қазір көрермен тұрмақ, белді театрлардың өзі есепке ала бермейтін секілді. Бұлай деуіміздің себебі, Алматыдағы қазақ театрларында көрерменнің театрға киініп келуіне қатысты қатаң талаптар қойылмаған. Тек Абай атындағы Опера және балет театры ғана келушілерге классикалық киім кию талабын қойған.

Шымкенттің театрларын-

да классикалық киім немесе көйлек киіп кел деген талап жоқ. Театрға барып қарап отырсаңыз, біздің жастардың бойында театр мәдениетін сіңірмегенін байқайсыз. Залға кірген кезде балалар кириешки жеп, сусынмен келіп жатады. Яғни, кинотеатр деңгейімен салыстырады. Театр жанды өнер болғандықтан бұған бей-жай қарай салуға болмайды. Олардың су ішіп, шулап отыруы белгілі бір деңгейде актерлардың ойынына кедергі келтіруі мүмкін. Екіншіден көрерменнің мұндай әрекеті театр мен ондағы актерларды сыйламауы деп білемін. Театрға көп келетін адамның бойынан оның мәдениет деңгейінің биік екені байқалып тұрады. Орта жолда келе салатындар үйлесімділікті бұзады.

Театрдың сосын сатылай даму ерекшеліктерін ескеру керек. 6 жастан 15 жасқа дейінгі балалар «Қуыршақ» театрына баруы керек. «Қуыршаққа» барған бала Жастар театрына барғанда қандай орынға келгеніне хабардар болып отырады. Біздегі ата-аналар театр, музейге баласын апаруды тәрбиенің бір бөлшегі ретінде қабылдамайды. «Күйеуіңді сатыңызшы», «Ең жақсы еркек» деген сияқты үлкендер аудиториясына арналған қойылымдарға баласын жолай жетектеп әкеле салады.

Осындай мақсаттарды орындаудың негізгі жолдарының бірі ретінде Шымкент қаласы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ішінен «Мәдениет және өнер» факультеті қабырғасында жастарды ру-

хани және шығармашылық тәрбиеге баулу үшін «Өркен» атты жастар театр-студиясы бой көрсеткен. Театр қабырғасында университеттің шығармашылық қабілеті бар студенттер жұмыс жасап, теориялық сабақтардан тыс уақытта өнермен айналысады. Театр қабырғасында жүрген студенттерге ең бірінші педагог-жетекшілер тарапынан олардың тәрбиесі, мәдениеті мен болашақ жақсы маман болып қалыптасу қабілеттеріне аса назар аударылады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады» демекші, театр үйірмесінде жүріп, жас студент тек қана қойылымдарда ғана ойнап қоймай, ең бірінші жауапкершілік, қоршаған ортаға деген дұрыс қарым-қатынас, мәдениетшілік, сыпайылық, өзін көпшілік алдында дұрыс ұстау т.б. деген қасиеттерін дамытып отырса, болашаққа деген сәтті жоспар болары анық.

**Б.ГЛЕУБАЕВА,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ «Өнер»  
кафедрасының  
меңгерушісі, п.ғ.к;  
доцент,  
Е.ЖОЛДАСОВ,  
аға оқытушы**